

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ
ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

THE ANALYSIS AND ASSESSMENT OF TENDENCIES OF DEVELOPMENT'S
AGRICULTURAL FORMATIONS IN THE SOUTHERN KAZAKHSTAN AREA

Есиркепова А.М., Копбаева Р.Т., Нуржауов Ж.
A.M. Yessirkepova, R.T.Korbayeva, Zh.Nurzhauov

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Аннотация Мақалада Оңтүстік Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылық құрылымдардың даму жағдаларына талдау жүргізілген. Құрылымдардың барлық түрлерінің, соның ішінде ауыл шаруашылық кәсіпорындар, шаруа (фермер) қожалықтардың, жұмыс жүргізу тиімділігіне баға берілген. Басқа шаруашылық түрлеріне қарағанда жұртшылықтың шаруашылықтары тиімді қызмет ететіні туралы қорытынды жасалған.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылық құрылымдар, Оңтүстік Қазақстан облысы, ауыл шаруашылығы, талдау және бағалау, шаруа (фермер) қожалықтары, ауыл шаруашылық кәсіпорындар

Кіріспе Оңтүстік Қазақстан облысының (ОҚО) ерекшелігі барлық аумақтық-әкімшілік бірліктер, қалаларды қоса алғанда (Шымкент қаласын да қоса), ауыл шаруашылық өндірістің субъектілері болып табылады. Оның ішінде жартыдан сәл ғана кем ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемін қамтамасыз ететін 3 аудан бар: Мақтаарал, Сарыағаш, Сайрам.

Материалдар мен әдістер Отандық және шетел экономистерінің еңбектері мен зерттеулері қолданылған. Мақалада жүйелік, логикалық, статистикалық, баланстық талдау әдістері, ЭММ пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылық өндірісінде (96% астам) үлкен үлесін шаруа (фермерлік) қожалықтар және аз үлесін ауыл шаруашылық кәсіпорындар (4%-дан кем) алатын 70 мыңнан астам ауыл шаруашылық қалыптасулар қызмет етуде (кесте 1).

Кесте 1 - ОҚО ауыл шаруашылық қалыптасуларының саны

№	Көрсеткіштердің аталуы	өлш. бірл.	2006	2007	2008	2009	2010
1.	Ауыл шаруашылық құрылымдардың саны - жалпы	мың.бірл.	72,55	72,45	72,02	72,02	70,72
	оның ішінде:						
1.1	-ауыл шаруашылық өнеркәсіптері	мың.бірл.	2,44	2,41	2,54	2,68	2,68
	үлесі	%	3,4	3,4	3,5	3,7	3,7
1.2	-шаруа (фермер) қожалықтары	мың.бірл.	70,11	70,03	69,48	69,34	68,04
	үлесі	%	96,6	96,6	96,5	96,3	96,3
	Анықтама: жеке қосалқы шаруашылықтар қонысы, ұжымдық бақтар және баулар, саяжай бөлімшелер	мың.бірл.	343,57	347,79	354,92	360,63	253,92

Мәлімет көзі: [3] негізінде авторлармен құрастырылған.

Шаруа (фермер) қожалықтар – жеке кәсіпкерліктің жүзеге асуы ауыл шаруашылық өнімдерді өндіру үшін арналған ауыл шаруашылық жерлерді пайдалануымен, оған қоса осы өнімдердің қайта өңдеуі және өткізумен тығыз байланысты тұлғалардың отбасылық-еңбектік бірлестігі. Фермерлік шаруашылықтың субъектілері - заңды тұлғаның құрылуысыз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалар.

Ауыл шаруашылық кәсіпорын – ауыл шаруашылық саласы басты қызмет түрі болып келетін заңды тұлға. Талдау көрсеткендей [1-4] аталған ұйымдық-құқықтық нысандармен қатар жеке өндірістік ауыл шаруашылық өнімдерінің «көлемді» жабдықтаушылары болып келетін жұртшылық шаруашылықтың жеке қосалқыларын, коллективті бақтар және бақшалардың, саяжайлық учаскелердің көптеген сандарын (250-360 мың бірлік) атап айтпауға болмайды. 01.07.2011 күні бойынша ауыл шаруашылық кәсіпорындардың 100 % -нан:

- 56% шектеулі және қосымша жауапкерлікті серіктестіктер болып келеді;
- 29,9%- кооперативтер;
- 1,4%- мемлекеттік шаруашылық серіктестіктер;
- 12,7- шаруашылықтың басқа түрлері.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі деп өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының өндірілген өнімдерінің күнтізбелік жыл бойынша нақты орташа безбенделген өлшенім бағалары бойынша өткізілген ақшалай өрнегін айтады.

Өсімдік шаруашылығының өнімі берілген жылдың түсімінен алынған өнімдердің құнын, жас көп жылдық көшеттерді өсірудің құнын және бір жыл ішінде аяқталмаған өндіріс құнының өзгеруін қосады.


Мал шаруашылығы өнімі малды, құсты және басқа жануарларды өсіру, сүт, жүн, жұмыртқа, бал және басқа өнімдердің өндіріс құндарын қосады.

2006-2010 жж. кезеңінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімі ақшалай көріністе 62,3%-ға және физикалық көлемде 7,4%-ға артылды және 163,8 млрд.тг. көлеміне жетті. Берілген ақпаратқа байланысты (2009 ж. алып тастағанда), ауыл шаруашылық өнімінің көлемінде бағалық фактор шешуші рөлді атқарады. Сонымен, 2007 ж. ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасының өсуі көлемді көрсеткіштің 17%-ға өсуін «қамтамасыз» етті; 2008 ж.-16,5%; 2010 ж. -12,1% (кесте 2).

Кесте 2 – Ауыл шаруашылық жалпы өнім

№ п/п	Көрсеткіштердің аталуы	Өлш. бірл.	2006	2007	2008	2009	2010
1.	Ауыл шаруашылық жалпы өнім	млрд.тг	100,9	118,6	134,1	137,9	163,8
	өсу қарқыны	инд.		1,17	1,13	1,03	1,19
	Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінен:						
1.1	-өсімдік шаруашылығы	млрд.тг	58,8	68,7	69,1	67,5	85,2
	өсу қарқыны			1,17	1,01	0,98	1,26
	үлесі	%	58,2	57,9	51,5	48,9	52,0
1.2	- мал шаруашылығы	млрд.тг	42,1	49,9	65,0	70,4	77,7
	өсу қарқыны			1,19	1,30	1,08	1,10
	үлесі	%	41,8	42,1	48,5	51,1	48,0
2.	ОҚО жалпы аймақтық өніміндегі ауыл шаруашылық жалпы өнімінің үлесі	%	15,6	13,3	11,1	9,2	9,1
Мәлімет көзі: [3] негізінде авторлармен құрастырылған.							

Ауыл шаруашылық өндірістің құрылымы өсімдік шаруашылығы өнімдерінің мал шаруашылығы өнімдеріне қарағанда аса жоғарғы үлесін көрсетеді. Ауыл шаруашылық өндірістің екі саласының да айтарлықтай төмен дамуы айқын, бірақ қарастырылып отырған кезеңде (2010 ж. алып тастағанда) мал шаруашылығы өнімдерінің өсу қарқыны (+84,5%) өсімдік шаруашылығының даму «шапшаңдығынан» (+44,8%) едәуір басып озуда. Мұнда, біздің ойымызша, бағалық фактордың ықпалы мал шаруашылығы өнімдері бағасының озық өсуі жөнінде едәуір болып келеді (сурет 1).



Мәлімет көзі: [3] негізінде авторлармен құрастырылған

Сурет 1– ОҚО ауыл шаруашылық өнімдер өндірісінің динамикасы

ОҚО жалпы өңірлік өнімінде ауыл шаруашылығының үлесі едәуір, бірақ бір бірқалыпты емес және қызмет көрсету саласының ширақ дамуы салдарынан 2006-2010 жж. кезеңінде төмендеуге беталыс алды.

Ауыл шаруашылық өнім өндірушілерінің барлық түрлерінің үлесін қарай отырып, ауыл шаруашылық қалыптасулардың үлесіне ауыл шаруашылық өнімдердің жартыдан аз жиынтық көлемі келетінін белгілеген жөн, оған қоса Ш(Ф)Қ 80%-дан аса шығарады, ауыл шаруашылық кәсіпорындар – 20%-дан кем (3-кесте).

Кесте 3 – ОҚО ауыл шаруашылық өнімдерінің «өндірістік» құрылымы

№	Көрсеткіштердің аталуы	Өлш. бірл.	2006	2007	2008	2009	2010
1.	Ауыл шаруашылық жалпы өнім	млрд.тг	100,9	118,6	134,1	137,9	163,8
	Ауыл шаруашылық жалпы өнімдерінің ішінде:						
2	-ауыл шаруашылық өнеркәсіптері	млрд.тг.	6,96	10,04	10,21	12,41	11,24
	өсу қарқыны	инд.		1,44	1,02	1,21	0,91
	үлесі	%	6,80	8,4	7,6	9,2	6,8
3	-шаруа (фермер) қожалықтары	млрд.тг.	40,98	44,78	46,20	44,80	62,99
	өсу қарқыны	инд.		1,09	1,03	0,97	1,41
	үлесі	%	40,6	37,7	34,4	33,4	38,4
4	-жеке қосалқы шаруашылықтар	млрд.тг.	52,92	63,86	77,70	80,77	89,60
	өсу қарқыны	инд.		1,21	1,21	1,04	1,11
	үлесі	%	52,4	53,8	57,9	60,2	54,7

Мәлімет көзі: [3] негізінде авторлармен құрастырылған.

Ауыл шаруашылық өнімдердің көп бөлігін «жұртшылық шаруашылық» секторы өндіреді, олар ауыл шаруашылық қалыптасу ретінде қарастырылмайды және өсімдік

шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерімен үй шаруаларының өзін-өзі қамтамасыз етуге арналған.

Әрбір өндірушілер топтарында өндіру басымдылығы әртүрлі. Сонымен, ауыл шаруашылық кәсіпорындар мен Ш(Ф)Қ өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге бағытталған, ал жұртшылық шаруашылықтары – мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге бейім.

Ауыл шаруашылық пайдалы жерлердің (ауыл шаруашылық өнімдерді алу үшін қолданылатын жер учаскелері) жер пайдаланушыларына «үлестірімі» келесі көрсеткіштерді берді:

- ауыл шаруашылық кәсіпорындардың жерлері 72,2% үлесін алып отыр;
- Ш(Ф)Қ жерлері - 27,7%;
- жұртшылық шаруашылықтың жерлері - 0,1%.

Аса ірі жер пайдаланушылар ретінде шаруашылық серіктестіктер және өндірістік кооперативтер, оған қоса басқа мемлекеттік емес ауыл шаруашылық ұйымдар мен мекемелер бой көрсетеді.

Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарға ауыл шаруашылық пайдалы жердің тек қана 0,9% жатады. ОҚО ауыл шаруашылығында қолданылатын жерлердің құрылымы зерттеуде мынаны көрсетті: ауыл шаруашылық кәсіпорындарда және Ш(Ф)Қ айтарлықтай жайылым үлесі бар: 84,6 және 64,6% тиісінше.

Кесте 4 - 01.11.2010 ж. күні бойынша ауыл шаруашылық пайдалы жерлердің жер пайдаланушылар бойынша үлестірімі.

мың га

Көрсеткіштердің аталуы	Барлық ауыл шаруашылық қоныстың есі сол санда:	Соның ішінде:		
		шабындық	пішен шабулар	мал жайылымы
Барлық ауыл шаруашылық жер пайдаланушылар	5975,4	1004,2	184,0	4725,4
олардың ішінде:				
Ауыл шаруашылық өнеркәсіптердің жерлері	4319,0	515,6	148,5	3654,9
Меншікті салмағы, %	100	11,9	3,4	84,6
оның ішінде:				
-мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындар	59,1	21,2	3,5	32,7
- ауыл шаруашылық кооперативтер	752,3	125,6	39,2	587,5
-шаруашылық серіктестік пен акционерлік қоғамдар	1093,0	101,0	24,9	930,8
- басқа мемлекеттік емес ауыл шаруашылық ұйымдар мен мекемелер	812,7	267,8	80,9	2103,9
Шаруа (фермерлік) қожалықтар	1 655,5	487,7	35,5	1 070,5
Меншікті салмағы,%	100	29,4	2,1	64,6
Ескерту: ОҚО жер бойынша Басқармасының берілгендері қолданылған				

Егістік жерлері (ауыл шаруашылық дақылдарды, оған қоса көп жылдық шөптер мен таза парларды егу үшін қолданылатын жүйелі түрде өңделетін пайдалы жерлер) ауыл

шаруашылығында 11,9% алады, 29,4% - Ш(Ф)Қ және 100% - жұртшылық шаруашылығында.

Қорытынды

ОҚО ауыл шаруашылық қалыптасулардың даму жағдайларын зерттей отырып, келесі қорытындыларды жасаса болады:

- қазіргі кезде ОҚО ауыл шаруашылығында ауыл шаруашылық қалыптасулардың әр түрлі тұрпаттардың даму және қалыптасу процесі жалғасуда, бірақ даму дәрежесін кемелсіз деп бағалауға болады, себебі ауыл шаруашылық кәсіпорындар да, көптеген Ш(Ф)Қ да өндіру құрал-жабтықтарын және еңбек заттарын тиімді пайдалануда айқын белгіленген беталыстарды көрсеткен жоқ;

- ауыл шаруашылық қалыптасулардың түрлері мен тұрпаттырын еркін таңдау және де жергілікті ресурстар: жер, еңбек, энергетикалық және т.б. пайдалануға бірдей мүмкіндік мемлекетпен қамтамасыз етілген. Әйтсе де ауыл шаруашылық қалыптасулар қызметінің нәтижелері «шашыраңқы», жақсы нәтижелерінің «уақытпен ұсталымы» жоқ;

- ауыл шаруашылық қалыптасу болып саналмайтын жұртшылық шаруашылықтар ауыл шаруашылық өндірістің тиімді ұйымдасуында едәуір үлесті алады.

1. Статистикалық жинақ: «Қазақстанның ауыл, орман және балық шаруашылығы, Алматы, 2011»

2. «Социально-экономическое развитие Южно-Казахстанской области». - Ежемесячный журнал. - Департамент статистики Южно-Казахстанской области. - Январь-декабрь 2011 года. Шымкент, 2012

3. Сельское, лесное и рыбное хозяйства ЮКО за 2006-2010 г. Стат.сбоник, Шымкент, 2011

4. «ОҚО ауыл шаруашылық құрымдардың қызметі туралы» 3 Серия «Ауыл, орман және балық шаруашылығы»-2010 бюллетен / Под редакцией А.А. Абилдабекова. - Шымкент, 2012

В статье проведен анализ развития сельскохозяйственных формирований в Южно-Казахстанской области. Дана оценка эффективности деятельности всех видов формирований, в том числе сельскохозяйственных предприятий, крестьянских (фермерских) хозяйств. Сделан вывод о том, что хозяйства населения ведут более эффективную деятельность по сравнению с другими формами хозяйствования.

In article the analysis of development of agricultural formations in the Southern Kazakhstan area is carried out. The assessment of efficiency of activity of all types of formations, including the agricultural enterprises, country (farmer) farms is given. The conclusion that farms of the population conduct more effective activity in comparison with other forms of managing is drawn.